[...]АРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# [...]Ы ТУЫ

[...]ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
[...]ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

[...]враль Сәрсенбі | Шығуына 33 жыл, жеке саны 20 тыйын.

**Колхозды деревняның еңбекшілері ауыл шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын ойдағыдай жүзеге асыруға, өздерінің Отан алдындағы патриоттық борышын аброймен орындауға берік бел байлап отыр!**

## [...]ндарының
## [...]лсын

[...]деревняда көктемгі
[...]енуді, социалистік
[...] өркендетуде жаңа
[...]здейтін социалистік
[...] Колхоздар, совхоз-
[...]алдымен дәнді да-
[...] арттыру есебінен
[...]пы түсімін мықтап

[...]халық шаруашылы-
[...]млекеттік жоспары
[...] мен озат тәжри-
[...]айын кеңінен енгі-

[...]иканы енгізу, меха
[...]отехника жоспарын
[...]хозға, әрбір МТС-ке
[...]ұл жоспарды орын-
[...]ылдыру міндеті ал-
[...]жаңалықты, прогрес
[...]і, ауылшаруашы-
[...]гізіп отыруда ауыл
[...] орындарына ерек-
[...]теледі.
[...]а, бірсыпыра об-
[...]ен республикаларда
[...]ың озат әдістерін
[...] мен совхоздар ғана
[...]лшаруашылық на-
[...] тәжрибені таратуға
[...]лі карайды, колхоз

*ССРО Жоғарғы Советі сессиясының құрметіне*



ССРО Жоғарғы Советінің III сессиясы құрметіне социалистік жарыска уштаса отырып, Петропавл паровоз депосы дайындау цехының слесарі И. Глухов жол-

# Колхоздардағы есеп беру-сайлау жыйылыстарынан

* * *

## Колхоз шаруашылығын онан әрі нығайту ниетімен

Ірілентен «Көктерек» ауылшаруашылық артелінің мүшелері жылдық есеп беру -сайлау жыйылысына біркісідей тегіс жыйналып, колхоз басқармасы мен тексеру комиссиясының баяндамаларын егжей-тегжейіне дейін талқылады, бағалы -бағылы пікірлер айтты, қолжеткен табыстарды баянды етудің кейбір шараларына тоқталды. Жарыссөзге шығып сөйлеген колхозшылардың барлығы дерлік колхоздың қоғамдық шаруашылығын барған сайын өркендету, артельді көп салалы шаруашылыққа айналдыру, барлық материалдық және еңбек мүмкіншіліктерін тиімді, әрі сарқа пайдалану. егін шығымдылығын мейлінше арттыру, малдың санын көбейтіп, өнімділігін молайту, мемлекет алдындағы міндеттемелерді әрдайым бұлжытпай орындап отыру, колхоздың ақшадай және заттай табысын мейлінше молайту, сол сыякты, еңбеккүннің құнын арттыру мәселелерін көтерді.

Агроном В. Гончаренко жолдас колхозшылардың назарын ғылым табыстары мен алдыңғы қатарлылардың тәж-

Оспанов жолдас. Себеп сол — колхозымызда жемшөптің берік қорын жасау жұмысы тыңғылықты ұйымдастырылмай жүр. Осының салдарынан өткен жылы шөп шабу, біржылдық және көпжылдық шөптер, жеміс тамырлы өсімдіктер егу жоспарлары орындалмады.

Оспанов жолдас мал фермаларында зоотехникалық және мал дәрігерлік жұмыстың жолға қойылмауы салдарынан және мал күтімінің ойдағыдай ұйымдастырылмауынан фермаларда мал шығыны бар екендігін, іштегі малдардың кысыр қалуы және іш тастауы күні бүгінге дейін жойылмай отырғандығын кешіргісіз кемшілік деп сақайтындығын білдірді.

Мұнымен бірге Оспанов жолдас мал шаруашылығын басқаратын Ж. Смайлов жолдастың жұмысындағы елеулі кемшіліктерді атап көрсетті, оның Есдәулов, Бекжанов, Қасымов, Бойтенко, Мадриев сыяқты алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің тәжрибелері мен іс әдістерін колхоздағы барлық мал өсірушілердің игілігіне айналдыра алмай отырғанды-

лады. Бірақ, бізде бұл жөнінде мардымды ештеңе істелмей келеді. Оның орнына, колхоз қаржысын талан -таражға салу фактілері кездесіп отыр. Мәселен, 1951 жылы колхоздың 5 мың сомдай ақшасы заңсыз жұмсалды, талан-таражға түсіп, кейбір суғанақтардың қолында кетті. С. Ахметов колхоз бухгалтерінің көмекшісі болып қызмет істеп жүргенде колхоз қаржысынан 315 сомды өзінің бас пайдасына жаратты. Сол сыякты. Ш. Тұрлыбеков та 450 сомдай ақшаны қылғып қойды.

Сәрсенбаев жолдас өзінің соңында колхоздың ақшадай табысын молайту жолындағы күресте овощь, бау -бақша шаруашылығын өркендетудің, балық аулау кәсіпшілігімен айналысудың қажет екендігіне, колхозда кірпіш заводын салу мүмкіншілігі болып отырса, сол мүмкіншілікті жүзеге асыру керектігіне тоқталды.

Колхозшы А. Құсайынов жолдастың сөзін колхозшылар зейін қоя тыңдады. Ол өзінің сөзінде өндіріс бригадаларының тұрақтандырылмай келе жатқандығына,

# ...сшылық жасау ...беру керек

## ...қ Советінің III сессиясы

...ладады, ша-
...удағы кем-
... көрсетті,
... мәдениет
...рын үзлік-
... бірсыпыра
... Жарыссөзде

...шаруашылы-
...ень аудан-
...в жолдас,—
...ірмен аяқ-
... жоспарын
...ал шар-
...у жөнінде
... айырды.
...рудің уш-

...ысында бел-
...олық Со-
...алдындағы
...л депутат-
... күшейте-
...ет атқомі
...ы шаруа-
...лары бо-
...ық істеген

...ын жақсар
... тәжри-
...дық атқом
...ын жақ -
... іске жете
... қатарлы
... тәжрибесі

...вет атқо-
...ындалуын
...ін сына

...стиліндегі бұл кателікті Конюхов және Петропавл аудандық атқомдерінің председательдері **Филиппенко** және **Ыбыраев** жолдастар да дұрыс сынады.

Облыстық кинофикация басқармасының бастығы **Аверин** жолдас былай деді:

—Кино бұқараға коммунистік тәрбие берудің куатты құралы. Бірақ, облыстық атком идеологиялық жұмыстың бұл участогіне жете маңыз бермейді. Баяндамашының облыс кино сетінің жұмысы туралы үстүрт бір-екі ауыз сөзбен тынуының өзі де осыны дәлелдейді.

Аверин жолдас көптеген аудандарда колхоз клубтарының өте нашар жағдайда усталатындығын айтты. Олардың көбінде қысты күні от жағылмайды, немесе клуб астық қоймасына айналдырылған. Осы себеппен бірсыпыра колхоздарда колхозшыларға кино көрсетуге мүмкіншілік жоқ деуге болады.

Петропавл қалалық Совет атқомінің председателі **Савин** жолдас өзінің сөзінде облыстық Совет атқоміне орынды кінә қойды. Облыстық атқом қаланы көркейту жөнінде өте аз қамқорлық жасайды. Калада көшелерге тас төсеу, асфальттау, ағаш отырғызып, көгалдандыру мүлдем жүргізілмейді. Бұл үшін облыстық атқом кінәлі. Әрине, бұл істе кінәнің бірсыпыра үлесі қалалық Советке, оның председателі Савин жолдасқа жатады. Қаланы көркейту, қалалық Советтің және оның коммуналдық шаруашылық және пәтер үй басқармасы бөлімдерінің тән ісі болып табылады. Облыстың орталығы мәдениетті, әсем көркейген қала болуға тиіс.



Советтік Қазақстанда
ШЫМКЕНТ. Калинин атындағы прес-автомат заводының жұмысшы поселкесіндегі жаңадан салынған тұрғын үйлер.

**(ҚазТАГ-тың фотохроникасынан).**

## Гоголь күндеріне әзірлік

Ушинский атындағы Петропавл оқытушылар институтінде Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты әзірлік жұмысы кеңінен өріс алды. Н. В. Гогольдің творчествосы мен өмірі туралы институт Советінің мәжлісінде екі ғылми баяндама тыңдалады. Орыс тілі мен орыс әдебиетінің кафедрасы марксизм -ленинизм негіздерінің кафедрасымен бірігіп қаладағы мектептердің 5—7 кластарына орыс тілінен сабақ беретін оқытушылардың қатысуымен мәжліс өткізеді. Мәжлісте Гогольдің «Өлі жандары туралы», «Гогольдің дүниеге көз қарасындағы көркем әдісі» деген тақырыптарда баяндамалар жасалынады.

...денттердің әдеби үйірмесінің мүшелері. «Н. В. Гоголь —орыстың ұлы реалист жазушысы», «Н. В. Гоголь —драматург», «Н. В. Гогольдің петербургтік повестері» деген тақырыпта баяндамалар әзірлеуде.

Булаев, Полудень, Мамлют аудандарының еңбекшілері үшін, шағын двигательдер заводының жұмысшылары үшін «Н. В. Гоголь — ұлы орыс жазушысы» деген тақырыпта институттың оқытушылары баяндамалар жасамақшы.

Институтта 4 март күні Н. В. Гогольдің қайтыс болуына 100 жыл толуына байланысты кеш болады. Онда Гогольдің өмірі мен творчествосы туралы баяндамадан кейін Гоголь шығармаларынан құрастырылған әдеби- монтаж көрсетіледі.

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 11 февраль. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін барлық майдандарда Халық армиясының бөлімдері қытай халық еріктілерімен бірге тығыз қыймыл жасай отырып, америкаң -ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізіп, оларды шығындарға ұшыратты деп хабарлады.

Халық армиясының зенит бөлімдері жағалаудағы аудандарға шолу жасауға әрекеттенген жаудың 4 самолетін атып түсірді.

### БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН КҮРЕС

ЛОНДОН, 11 февраль. (СОТА). Хемел -Хемстидте (Хартфорд графтығы) бейбітшілікті қорғаудың жергілікті комитеті ұйымдастырған бейбітшілікті жақтаушылардың конференциясы болып өтті.

«Дейли уоркер» газетінің хабарлауынша, конференцияға қатысушылар келіссөз жүргізу арқылы мәдениет, сауда, прогрессивтік қарым -қатынастарын ұлғайтып жаппай қарусыздануды талап еткен.

Сол сыяқты, конференция бейбітшілікке жетудің алғашқы қадамы есебінде Қытай Халық Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымына алу және Кореяда келісімге келу ісіне шұғыл көмектесуді ағылшын үкметінен талап еткен.

### ФРАНЦУЗ ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫ МАРОККО ПАТРИОТТАРЫН ҚУДАЛАУДА

ПАРИЖ, 11 февраль. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Мароккодағы Француз өкмет орындары елдің ұлттық тәуелсіздігі үшін күресін...

